

Көлбай ауылдық округіндегі Қызылқайың, Әлемді, Бұдыр ауылдарындағы атаусыз көшелерге ат қою туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Көлбай ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 01 қыркүйектегі N 16 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 23 қыркүйекте N 2-5-158 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, Алакөл аудандық қоғамдық ономастика кеңесінің келісімі және Қызылқайың, Әлемді, Бұдыр ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көлбай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Көлбай ауылдық округіндегі Қызылқайың, Әлемді, Бұдыр ауылдарындағы атаусыз көшелерге төмендегідей көше аттары қойылсын:

1) Қызылқайың ауылындағы бірінші көшеге Абай Құнанбаев, екінші көшеге Тоқаш Бокин, үшінші көшеге Ыбрай Алтынсарин, төртінші көшеге Қызылқайың, бесінші көшеге Ж а м б ы л Ж а б а е в .

2) Әлемді ауылындағы бірінші көшеге Әлемді.

3) Бұдыр ауылындағы бірінші көшеге Бұдыр.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К ө л б а й а у ы л д ы қ округінің әкімі *М. Мәдібаев*